

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫШҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ



ҚАЗАҚ ТІЛІ ПРАКТИКУМЫ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім саласы: 100000 – Білім
 Оқыту саласы: 110000 – Білім
 Оқыту бағыты: 60111500 – Ана тілі мен әдебиеті
 (қазақ тілі және әдебиеті)

Шырышық-2023

	2. http://www.uzedu.uz – O‘zbekiston Respublikasi Xalq ta’limi vazirligi sayti. 3. http://www.gov.uz – O‘zbekiston Respublikasi xukumat portal. 4. www.pedagog.uz 5. www.cspi.uz 6. www.pedagog.uz 7. www.edu.uz 8. www.natlib.uz (A.Navoiy nomidagi O‘z.MK) 9. www.ziyounet.uz - Ziyounet axborot-ta’lim resurslari portali
7.	Шырышық мемлекеттік педагогика университеті тарапынан істеп шығылған және университет Кеңесінің 2023 жыл “28.08” дағы қаулысымен бекітілген.
8.	Пән/модуль үшін жауапкерші және бағдарлама авторы: У.Байқабылов – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасы доцент м.а. Г.Анарбекова – ШМПУ-дің, “Өзбек тіл білімі” кафедрасының оқытушысы.
9.	Пікір білдірушілер: Ы.Кұттымуратова– НМПИ-дің, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы меңгерушісі, ф.ф.д. (PhD) Д.У. Дуйсабаева– ТМПУ-дің, “Қазақ тілі және әдебиеті” кафедрасы доценті.

Пән/модуль коды	Оқу жылы	Семестр	Кредиттер	
QazTIP104	2023/2024	2	4	
Пән/модуль түрі	Оқыту тілі:		Апталық сағат	
Міндетті	Қазақ тілі		4	
	Пәннің аты	Аудитория жаттығулары (сағат)	Өзіндік білім (сағат)	Жалпы жүктеме (сағат)
1.	Қазақ тілі практикумы	30	90	120
2.	I. Пәннің мазмұны Пәннің мақсаты - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет беру. Лингвистикадағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау, түрлі ағым, мектептермен таныстыру - аталған пәннің негізгі мақсаты. Пәннің міндеті - тіл теориясынан басталатын кейінгі тараулар қазіргі лингвистиканың негізгі бағытын, алдағы проблемаларды айқындауға арналған. Студенттер қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, сөздердің көп мағыналылығын, орфоэпия, орфография мәселелерін, морфология мен синтаксистің зерттейтін объектітерін, сөз таптары, сөйлем мүшелері, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері, жай және құрмалас сөйлем туралы толық мәлімет алып, сөйлемдерді фонетикалық, лексикологиялық, морфологиялық және синтаксистік талдауға үйренеді. II. Негізгі практикалық бөлім (Практикалық жаттығулар) III.1. Пән құрамына төмендегі тақырыптар енеді: 1-тақырып. Дыбысты дыбыстар. Дыбысты дыбыстар— дыбыстау мүшелерінің бірыңғай толық қатысуынан, фонациялық ауаның кедергісіз, еркін және баяу шығуынан жасалатын дыбыстар.Дыбысты дыбыстар фонациялық ауаның көмеіде керіліп тұрған дауыс шымылдығына соқтығуынан пайда болған дірілден жасалады. Дыбысты дыбыстардың басты қасиеті сөз ішінде буын жасап, дауыссыз дыбыстармен тіркесе алатындығында. Қазіргіқазақ тілінің дауыстылар жүйесі 9 дыбыстан құралған: а,о,е,ы,і,о,ө,ұ,ү. Дауысты дыбыстарайтылғанда жақтың, еріннің, тілдіңқатысу дәрежесіне қарай:ашық-қысаң, еріндік-езулік, жуан-жіңішке болып бөлінеді. 2-тақырып. Дауыссыз дыбыстар. Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейді. Дауыссыз дыбыстар сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы			

пайда болады.Қазіргіқазақтілінде 25 дауыссыз бар: б, в, г, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, Һ, ф, х, ц, ч, ш, у.	
3-тақырып. Буын және тасымал. Сингорманизм. Ассимиляция. Сингармонизм заңы. Бұл заң бойынша сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың (буындардың) бәрі бірдей не жуан, не жіңішке айтылатындығы. Аралас буынды сөздер. Ерін үндестігі, осыған сәйкес сөз ішінде ерін дауыстыларынан кейін е, ы, і езулік дыбыстарының айтылмайтындығы.	
Ассимиляция (ықпал заңы).Ілгерінді, кейінді ықпал және тоғыспалы ықпалдар. Ықпал заңы түбір мен қосымша жігінде, сөз бен сөз аралығында болатындығы, мұның орфоэпия мен орфографияға қатысы.	
4-тақырып. Лексика саласы және оның қарастыратын мәселелері. Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы. Омоним, синоним, антоним. Лексика. Сөздің тура және ауыспалы мағынасы, сөз мағынасын ауыстырып қолдану жолдары, олардың стильдік ерекшеліктері.	
Омоним және сөздің көп мағыналылығы. Омоним сөздер мен көп мағыналы сөздердің бірлігі, айырмашылықтары, оларды ажыратудағы контекстің ролі. Көркем шығармада омоним мен көп мағыналы сөздердің қолданылу өрісі. Омограф, омофондар жайында түсінік.	
Синоним, оның тілді оралымды, ойды көріктендірудегі айрықша ролі. Синонимдік қатарлар, олардың қолданылу ерекшеліктері: бірыңғай мүше түрінде, қос сөз түрінде қолданылуы.	
Антоним, оны көркем шығармада қолданудағы ерекшеліктер. Антоним және сөздердің болымды-болымсыз түрде айтылуы, олардың арасындағы айырмашылық.	
Тұрақты сөз тіркестері, олардың түрлері.Идиомалар мен фразеалықтіркестер, олардыңойдылөлберудеалатынорны. Мақалдар мен мәтелдер, афоризмдер. Тұрақтысөзтіркестерініңстильгеқатысы.	
5-тақырып. Грамматика, стилистика, морфология. Грамматика, стилистика, морфология. Сөздің түбір мен қосымшадантұратындығы. Қосымшаның түрлері: Жаңғаулар, олардыңсөз бен сөздібайланыстыратындығы.	
6-тақырып. Қосымша. Жалғау. Жұрнақ. Сөз түрлендіруші жұрнақтар. Жұрнақтар, олардың сөз түрлері және сөз жасам болып екі топқа бөлінетіндігі. Әр сөз табының сөз жасам жұрнақтары. Сөз түрлем жұрнақтарының грамматикалық категорияларға қатысты түрлері және оларға қатысы жоқ түрлері.	
Сөз түрлем жұрнақтарының стильдік ерекшеліктері, эмоциональдік-экспрессивтік мәндері.	
Қосымшалардың жазылуы. Қосымшалар негізінде буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне бағынып, айтылуы бойынша жазылатындығы: бұдан ауытқитын жағдайлар.	
Тырнақшаға алынатын сөздерге қосымшаның да тырнақша ішіне алынып	

жазылатындығы. Қосымшалардың дефис арқылы жазылуы, оның себептері. 7-тақырып. Сөз тұлғасы, негізгі түбір, біріккен сөз. Қос сөз. Қысқарған сөз. Сөз тұлғасы, оның түрлері. Негізгі түбір, оның белгілері. Туынды түрдің стильдік ерекшеліктері. Біріккен сөз туралы түсінік. Сөздердің бірігу тәсілдері, себептері. Тұлғасы өзгеріп барып біріккен, тұлғасы өзгертілмей біріккен сөздер. Біріккен сөздердің емлесі. Қос сөздер туралы түсінік. Қос сөздердің дефис арқылы жазылатындығы. Қос сөздердің стильге қатынасы, емлесі. Қос сөзге ұқсас басқа сөздер, олардың қос сөзден айырмашылығы. Қысқарған сөздер. Күрделі атауларды ықшамдап айтудың тәсілі - қысқарған сөздер екендігі. Қысқарған сөздердің жасалу жолдары. Өріптен қысқарған сөздердің негізінде бас әріппен жазылатындығы. Шартты түрде қысқартылған сөздер, олардың қысқарған сөздерден айырмашылығы. 8-тақырып. Сөз таптары. Зат есім. Сөз таптары. Зат есім. Жалпы есім мен жалқы есім. Жалқы есімнің бас әріппен жазылуы. Күрделі атауларды бас әріптен бастап жазудағы ерекшеліктер, олардың себептері. Жалқы есімдерде тырнақшаның қолданылуы. 9-тақырып. Зат есім жұрнақтары. Көптік мағына, оның берілу жолдары: морфологиялық тәсіл, аналитикалық тәсіл, лексикалық тәсіл. Көптік мағыналы зат есімдердің негізгі белгісі. Көптік мағынаның берілуіндегі стильдік ерекшеліктер. Тәуелдік мағына, оның берілу жолдары: жұрнақ арқылы берілуі, тәуелдік жалғау арқылы берілуі. Тәуелдік жалғаудың фонетика-морфологиялық варианттары. Тәуелдік жалғаудың басқа омоним қосымшалардан ажырату. Септік жалғау және септік шылау. Септіктің түрлері, жалғаулары. Септік жалғаулардың фонетика-морфологиялық варианттары. Тәуелді септеу. Септеулік шылаулардың сөз бен сөзді байланыстыруда септік шылаулары сияқты қызмет атқаратыны. Септік жалғаулары мен септеулік шылаулардың қолданылуындағы стильдік ерекшеліктер. Жіктік жалғау, оның жақтық мағыналары мен жекеше, көпше түрлері. Есімдердің жіктелуі мен етістіктің жіктелуі. Олардың арасындағы айырмашылық. 10-тақырып. Сын есім туралы жалпы түсінік. Сын есім. Сапалық сын есім мен қатыстық сын есім, дара және күрделі сын есімдер. Күрделі сын есімнің жасалу жолдары, емлесі. Сын есімнің шырайлары, олардың түрлері, жасалу жолдары. Шырайлардың стильдік мәні. Сын есімнің зағтануы. 11-тақырып. Сан есім және оның мағыналық түрлері. Сан есім. Дара сан есім мен күрделі сан есім. Сан есімнің емлесі. Сан есімнің мағыналық түрлері. 12-тақырып. Есімдік және оның мағыналық түрлері. Есімдік. Оның түрлері, бір-бірінен айырмашылығы, жасалу жолдары.	13-тақырып. Етістік. Етістіктің түрлері. Етістіктің райлары. Етістік. Оның есімдерден айырмашылығы. Салт етістік және салт етістіктің болымсыз түрі, оның берілу жолдары, стильге қатысы. Етіс, оның түрлері, жасалу жолдары, айырмашылықтары. Етіс жұрнақтарының салт етістікті сабақты етістікке керісінше, сабақты етістікті салт етістікке айналдырудағы ролі. Етістіктің түрлері. Көсемше, есімше, тұйық етістік, бұлардың жасалу жолдары, бір-бірінен айырмашылығы. Етістіктің райлары. Ашық рай, оның шаққа қатынасы. Бұйрық, шартты, қалау райлары, олардың жасалу жолдары, бір-бірінен айырмашылығы. 14-тақырып. Үстеу және оның мағыналық түрлері. Үстеу. Негізгі, туынды түрлері. Туынды үстеулердің жасалу жолдары. Үстеудің көмекші есіммен, шылаумен ұқсастығы, оны ажырату амалдары. 15-тақырып. Шылау және оның мағыналық түрлері. Жалғаулық шылау, оның мағыналық түрлері. Демеулік шылаулар, олардың тұлғалық, мағыналық ерекшеліктері. Демеулік шылауларды тұлғалас қосымшалардан айыра білу. Практикалық жаттығулары мультимедиа құрылмалармен жабдықталған аудиторияда бір академиялық топта бір профессор-оқытушы тарапынан өтілуі қажет. Жаттығулар актив және интербелсенді әдістер көмегінде өтілуі, сәйкес түрде педагогикалық және ақпарат технологиялардан қолдану мақсатқа сай. III. Өзіндік білім және өзіндік жұмыстар Аудиториядан тыс уақытта орындалатын өзіндік жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша орындау ұсынылады: - Конспект жазу; - Глоссарий түзу; - Индивидуал және ұжымдық жұмыс; - Кейс-тапсырмаларын орындау; - Тақырыпты портфолио түзу; - Интернет желісінен материалдар топтау; - Тақырыпқа сай кестелер дайындау; - Реферат жазу; - Презентация (слайд) жасау; Білім бағытының (мамандық)тың негізінен келіп шығып, өзіндік жұмыстарының басқа түрлерінен де пайдалануға болады. Өзіндік білім үшін ұсынылатын тақырыптар: 1. Дыбыстардың акустикалық және артикуляциялық қасиеттеріне
---	---

	карай бөлінуі. - Буын және оның түрлері. - Үндестік заңы. - Пунктуация ережелері. - Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы. - Омоним, антоним, синоним. - Тұрақты сөз тіркестері және олардың жасалу жолдары. - Морфология. Сөздің құрамы. Түбір мен қосымша. - Біріккен сөздер мен қысқарған сөздердің жасалуы. - Жұрнақ және жалғау және олардың жасалуы. - Зат есім, сын есім, сан есім, есімдік және олардың жасалуы. - Етістік. Етістіктің түрлері. Етістіктің шақтары мен райлары. - Үстеу және рның мағыналық түрлері. - Шылау, Одағай және еліктеуіш. - Синтаксис. Сөздердің өзара байланысу тәсілдері мен формалары.
3.	IV. Пәнді оқыту нәтижесінде (қалыптасатын компетенциялар) - қазақ тілінен алынған теориялық білімдерді практика жағынан қаруландыру керек. Сондай-ақ, ана тілі практикумын лингвистикалық тұрғыдан практикалық жақтан талдай алу және <i>білу қажет</i>. - лингвистиканың жалпы тілдік теориясы болып табылатын бұл пән - негізгі теориялармен қаруландыру, ғылымның өткен тарихынан, қазіргі жайынан, алдағы проблемалардан мәлімет бере отырып дағдыға ие болу керек. - лингвистикадағы арнаулы әдіс, әдістемелердің сырын ашу, тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысын анықтау тілдің даму заңдылықтары, жазу жұмысындағы қате-кемшіліктерін жойып, сауатты жазуға үйрету; әдеби тіл нормасында дұрыс сөйлеуге, мәнерлеп оқуға жаттықтыру; талдау әдістерін сұрыптап қажетті түрге келтіруді айқындайтын <i>іскерлікке ие болу керек</i>. - зерттеушілік; - ақпараттық; - коммуникативтік компетенцияларды меңгеруі қажет.
4.	V. Оқыту технологиялары мен әдістері: • интербелсенді әдістер; • тақырып бойынша кейс-сатилар • семинарлар (СТО, проблемалы оқыту, сұрақ-жауап, т.б.); • топтық жұмыс; • презентация жасау.
5.	VI. Кредиттерді алу үшін талаптар: Пәнне тиісті теориялық және әдістемелік ұғымдарды толық игеру,

	талдау нәтижелері бойынша дұрыс шешім қабылдау, үйреніліп жатқан тақырып бойынша өзіндік ой-пікір айту және ағымдағы бақылау қалыптарында берілген тапсырмаларды орындау, қорытынды бақылау бойынша жазбаша жұмысты тапсыру.
6.	VII. Негізгі және қосымша оқу әдебиеттер мен ақпарат деректері Негізгі әдебиеттер: - Бектұров Ш.К. Қазіргі қазақ тілі (фон., лек., морф., синт.). Алматы, 2006. - Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. «Практикалық қазақ тілі». Алматы, «Ана тілі», 1993. Көмекші әдебиеттер: - Мирзиёев Шавкат Мирмонович. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. Ўзбекистон Республикаси Президентини лавозимига киришиш тантанали маросимига бағишланган Олий Мажлис палаталарининг кўшма мажлисидаги нутқ / Ш.М. Мирзиёев. –Тошкент : Ўзбекистон, 2016. - 56 б. - Мирзиёев Шавкат Мирмонович. Танкидий тахлил, қатъий тартиб-интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир рахбар фаолиятининг кундалик қойдаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий яқунлари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазиirlар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ / Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент : Ўзбекистон, 2017. – 104 б. - Мирзиёев Шавкат Мирмонович. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга курашимиз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президентини Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайловолди учрашувларида сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: “Ўзбекистон”, 2017. – 488 б. - Қасым Б. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. Алматы, 2001. - Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. Алматы, 2000. - Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. Алматы, 2003. - Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар. Алматы, 1992. Ақпарат ресурстары: http://www.edu.uz-O'zbekiston Respublikasi Oliy va o'rta maxsus ta'lim vazirligi sayti.